

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Kazakh National Pedagogical University after Abai

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

**«Филология ғылымдары» сериясы
Серия «Филологические науки»
Series «Philological sciences»
№1(71)**

Алматы, 2020

Галай К., Мизанбеков С., Кульбаева А. Теория и практика использования компаративного анализа как тенденция современного школьного литературного образования.....	523
Galay K., Mizanbekov S., Kulbaeva A. Theory and practice of the use of comparative analysis as a trend of modern school literary education.....	
Tuzelbayeva D., Molotova Z., Darmesh N. Strategies for developing students' critical thinking skills.....	529
Тузельбаева Д., Молотова З., Дәрмеш Н. Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамыту стратегиялары.....	
Есеналиева Ж., Дәрмеш Н., Молотова З. Бастауыш сынып оқушыларының ағылшын тілін дамытуда тиімді әдіс-тәсілдерді қолданудың маңызы.....	534
Esenalieva Zh., Darmesh N., Molotova Z. The importance of using effective methods and techniques in developing english in pupils of primary classes.....	
Kakimova M., Mukhamedzhanova G., Begalina A. The usage of criterion referenced assessment technology as a pedagogical technology in the frame of updated curriculum in the Republic of Kazakhstan.....	539
Какимова М., Мухамеджанова Г., Бегалина А. Қазақстан Республикасының жаңартылған білім беру мазмұны аясында критериалды бағалау технологиясын педагогикалық технология ретінде қолдану.....	
Рамазанова Ш., Иманқұлова С., Төлегенов Т. Тілді деңгейлік сатыда дамыта меңгерудің тиімді жолдары.....	545
Ramazanova Sh., Imankulova S., Tolegenov T. The effective ways of language development at the level stage.....	
Nurshaikhova Z., Begaliyeva S., Raimbekova A. Innovations in language teaching.....	551
Нұршайықова Ж., Бегалиева С., Райымбекова А. Тілдерді оқыту әдістемесіндегі инновациялар.....	
Сейтенова С., Мухамеджанова Б. Қазақ тілі сабағында диалогтық оқыту технологиясын қолданудың маңыздылығы.....	552
Seitenova S., Mukhamedzhanova B. Importance of using dialogue technologies in teaching the kazakh language.....	
Сатмирова Д., Орал Б., Абдиева Ш. Орыс тілді мектептерде жаңартылған бағдарлама бойынша лирикалық шығармаларды оқытудың маңызы.....	562
Satemirova D., Oral B., Abdieva Sh. The importance of studying lyrical works according to the updated program in russian-language schools.....	
Мұхамеди Қ., Тұрысбек А. Оқушыларға эссе жазуды үйретуде қолданылатын тапсырмалар мен жаттығулар жүйесі.....	566
Mukhamadi K., Turisbek A. System of tasks and exercises used to teach pupils to write an essay.....	
Қойбақова А. Қытай тілін қытай мәдениетімен байланыстыра отырып оқыту тәсілдері.....	573
Koymbakova A. Teaching methods of chinese associate with chinese culture.....	
Zhacheva E., Sydykkul I. The use of active methods of teaching a foreign language in the middle stage of mastering a foreign language	578
Жачева Е., Сыдыққұл И. Шет тілін меңгерудің орта сатысында шет тілін оқытудың белсенді әдістерін қолдану.....	

МРНТИ 16.41.53

А. Қойбақова ¹

¹ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан

ҚЫТАЙ ТІЛІН ҚЫТАЙ МӘДЕНИЕТІМЕН БАЙЛАНЫСТЫРА ОТЫРЫП ОҚИТУ ТӘСІЛДЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада қытай тілін оқытуда қытай мәдениетін қолдану әдістері мен мәдениетті оқыту дағдыларының маңыздылығы қарастырылады. Тілді тиімді оқыту бірнеше факторларға байланысты. Соның бірі оқитын тілді сол елдің ұлттық мәдени ерекшеліктерімен байланыстыра отырып үйрену. Шет тіліндегі мәтіндерді сол елдің мәдени ерекшеліктерін түсінбей оқу мүмкін емес. Жаңа заман жағдайында шет тілдерін біліп қана қоймай, сол елдің тарихын, мәдениетін, салт дәстүрін білу өте маңызды. Қытай тілін оқытуда да тіл мен мәдениеттің тығыз байланысына жіті мән беріп, оны мәдениетаралық қатынас құралы ретінде үйрету маңызды.

Түйін сөздер: тіл, мәдениет, лексика, фразеологизм, салт-дәстүр, туыстық терминдер

А. Koybakova ¹

¹ Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan

TEACHING METHODS OF CHINESE ASSOCIATE WITH CHINESE CULTURE

Abstract

The article deals some teaching methods of Chinese associate with Chinese culture and important of develop the skills of learning culture. Effective language teaching depends on several factors. One of them is to study the language of study in combination with the national cultural features of the country. Foreign language texts cannot be read without understanding the cultural features of that country. In modern conditions it is important not only to know foreign languages, but also to know the history, culture and traditions of the country. In teaching Chinese, it is important to pay close attention to the interconnection of language and culture, as a means of intercultural communication.

Key words: language, culture, vocabulary, phraseology, traditions, kinship terms

А. Койбакова ¹

¹ КазНУ имени Аль-Фараби,
Алматы, Казахстан

МЕТОДЫ ПРЕПОДАВАНИЯ КИТАЙСКОГО ЯЗЫКА С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ КИТАЙСКОЙ КУЛЬТУРЫ

Аннотация

В статье рассматриваются некоторые методы преподавания китайского языка с использованием китайской культуры и важность развития навыков обучения культуры. Эффективное обучение языку зависит от нескольких факторов. Одним из них является изучение языка обучения в сочетании с национально-культурными особенностями страны. Тексты на иностранных языках не могут быть прочитаны без понимания культурных особенностей этой страны. В современных условиях важно не только знать иностранные языки, но и знать историю, культуру и традиции страны. При обучении китайскому языку важно уделять пристальное внимание взаимосвязи языка и культуры как средства межкультурного общения.

Ключевые слова: язык, культура, лексика, фразеологизм, традиция, родственные слова

Кіріспе. Әрбір елдің тілдік әлемі оның қоршаған ортаны қалай қабылдауына байланысты. Ол дүниетаным, дәстүр, мәдениет, тұрмыс, дін сияқты факторлардың ықпалынан қалыптасады. Әрине, ол сол халықтың күллі тарихымен, оның барлық даму жағдайларымен шартты түрде байланысты және басқа халықтар әдебиетімен қарым – қатынаста болады.

Қытай халқының мәнін аяғына дейін түсініп шығу үшін, оның тарихын, әдебиетін, халқының өмірін, бір сөзбен айтқанда, оның ерекше мәдениетін табанды және үздіксіз оқып, білу, зерттеу, оның әр қозғалысын мұқият бақылап отыру керек. Ал тілді оқытуда оны мәдениетпен байланыстыра отырып үйрету, бұл елдің мәдениетімен ғана емес, салт дәтүрімен, тарихмен, әдебиетімен қанық болуға ықпал етеді.

Әдістеме. Қазіргі тіл білімінде ұлттың рухани-мәдени қазынасы ретінде тілді зерттеудің ауқымы кеңейе түсуде. Себебі, әр тіл - өз бойында ұлт тарихын, тіл мәдениетін, танымы мен талғамын, мінезі мен санасын, кәсібі мен салтын, дәстүрі мен даналығын тұтастықта сақтаған таңбалық жүйе болып табылады. Осындай мазмұнды құрылымына сәйкес ол жай таңбалық жүйе ғана емес, мәдениеттің бір көрсеткіші болып табылады.

Белгілі ғалым Э.Бенвенистің “Тіл, мәдениет жеке адам үштігі (триада) негізінде басқа бір лингвистика тууы мүмкін” (Э.Бенневист.2002: 139) деген ұшқыр ойы ХХ ғ. соңғы онжылдығында қалыптаса бастаған жеке дербес лингвистикалық мәдениеттану пәнінің пайда болуының алғышарты сияқты.

Тіл мәдениетпен тығыз байланысты, оның құрамдас бөлігі, бір жағынан мәдениетті анықтайды және оның бір бөлігі болып табылады. Кейбір тілдік орталарда оларды бір-бірінен бөлу мүмкін емес. Белгілі бір тілді үйрену барысында ол елдің мәдениетінен де хабардар болу керек, сол кезде ғана тілді үйрену оңайға түседі. Белгілі ағылшын ғалымы Н. Смиттің айтуы бойынша, бір тілдің тек сөздік қоры мен грамматикасын біліп, тілді толық меңгердім, ол тілде еркін сөйлей аламын деу қате. Тілді жақсы білу үшін ол тілдің тарихы мен мәдениетімен міндетті түрде танысуымыз керек.

Қытай тіл ғылымындағы тіл мен мәдениеттің ара қатынасын зерттеген еңбектер ХХ ғ. бас кезінен бастап жазыла бастаған. 1938 жылы қазіргі Юннан университетінде профессор Луо Чаңпей “Тіл мен мәдениет” пәні бойынша дәріс оқи бастады. Қытайдағы лингвомәдениеттің іргетасы тап осы кезде қаланды десек артық айтқандық емес. 50-жылдардың басында Луо Чаңпей мырзаның “Тіл мен мәдениет” атты монографиялық еңбегі (罗常培. 2011). жарық көрді. Бұл еңбегінде ғалым тіл мен мәдениеттің байланысы жөнінде батыс ғалымдарының тұжырымдамаларын қостай отырып: “Тіл саласындағы зерттеулер таза тілдік категориялардың айналасында қалып қоймауы керек. Өйткені тілдің қамтитын аумағы өте кең. Тіл белгілі бір қоғамда өмір сүретін болғандықтан, қоғамда болып жатқан мәдени, әлеуметтік, тарихи процесстерден қалыс қала алмайды. Біз тілді осы салалармен байланыстыра зерттегенде ғана тілтануда белгілі жетістіктерге қол жеткізуіміз мүмкін”, - деп атап көрсетті (罗常培.2011:126).

Мәдениет пен тілдің байланысында негізгі түсініктерді қарастырар болсақ, “мәдениет” ұғымына анықтама беру күрделірек. Себебі оның көп мәнділігі мен көп қырлылығымен ерекшеленеді. Көптеген пікірлерді назарға ала отырып, мәдениетті “қоғамдық құбылыс” деп атауға болады. Ол белгілі бір адамдар қауымдастығының жиған-терген материалдық және рухани құндылықтарының жиынтығы.

Нәтижелер және талқылау. Әртүрлі мәдениет өкілдері мен түрлі тілде сөйлеушілердің өзара байланысы мәдениетаралық қарым-қатынас процесінде жүзеге асады. Қарым-қатынас дегеніміз мәліметтер алмасу. Егер адресат тілді жақсы біліп, мәдени ерекшеліктермен таныс болмаса, мәлімет оған түсініксіз болуы мүмкін.

Тіл мен мәдениеттің байланысы лексикада айқын білінеді, мысалы, баламасыз лексика, аялық лексика т.б. Қытай тілінің лексикасында қытай мәдениетіне тән лексикалық бірліктер жетерлік. Мысалы, 旗袍(чипау - қыз-келіншектерге арналған дәстүрлі тік жағалы көйлек), 四合院 (сыхыюан - қытай дәстүрлі ғимараты), 石库门(шыкумын - тастан соғылған дарбаза, Шанхай қаласының сәулет өнері), 故宫(Гугун мұражайы-тыйым салынған императорлық қала), 胡琴 (хучин - қытай скрипкасы) т.б. сөздер.

Мәдениет пен тілдің байланысы фразеологизмдерде айқын көрініс табады. Көптеген мақамәтелдер сол елдің дәстүрін, салтын, тарихын, ұлттық ерекшеліктерін жарқын бейнелейді. Қытай

тіліндегі тұрақты сөз тіркестерінен мұны анық байқаймыз. Қытайдың мыңдаған жылдық тарихымен бірге қалыптасып, бірге жасасып келе жатқан қытай тілі фразеологизмдері бүкіл Қытай өркениетінің тарихын бойына сіңірген материалды және рухани мәдениеттің сарқылмас кені. Оларды оқи отырып тарихы бірнеше мыңдаған жылдарды құрайтын қытай халқының дүниетанымы, рухани және материалдық құндылықтары туралы көптеген ақпаратқа қанығамыз. Мысалы: “今天我被老板炒鱿鱼” “Бүгін бастығым мені жұмыстан шығарып жіберді” деген сөйлемде “炒鱿鱼” сөзінің алғашқы мағынасы “балықты қуыру”, ал бұл жерде “жұмыстан шығару” мағынасында қолданылып тұр. Сонымен қатар қытай тілінде “狗皮膏药” (Ит терісінен жасалған жақпа) “алаяқ”, “狗腿子” (Иттің аяғы) “қолшоқпар”, “狗嘴吐不出象牙” (Иттің аузына жақсы тіс шықпас) “Іріген ауыздан шіріген сөз шығар” деген сөз тіркестері бар. Бұл сөздердің барлығы да жағымсыз сөздер. Ал қазақ халқының “ит – жеті қазынананң бірі”, “итті тепкен, ырысты тебеді” деген мақалдарынан итке деген жақсы көзқарасын байқауымызға болады.

Салт - дәстүр - әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы; қауым мен қоғамда қалыптасқан мінез-құлықтың үлгілері. Салт-дәстүрдің ел арасындағы тәлімдік, тәрбиелік, халықтық мәні зор. Халықтың атадан балаға көшіп, дамып отыратын тарихи әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық, кәсіптік, салт-сана, мінез-құлық, тәлім-тәрбие және рухани іс-әрекетінің көрінісі дәстүр арқылы танылады. Әр халықтың басынан кешкен тарихы, бүкіл рухани, мәдени байлығы, болмысы, дүниетанымы, өмір тіршілігіне, күнделікті тұрмысына қажет бұйымдары, әдет-ғұрпы, салт-санасы, талғамы т.б. сол тілде сөйлеуші ортада қалыптасып, тілінде сақталады.

Қытай тіліндегі салт-дәстүрге байланысты тіл бірліктері өзге тілдердегі сияқты өткен тұрмысында болған, көбі әлі де қолданып келе жатқан тұрмыстық бұйымдардың, белгілі бір кәсіпке, шаруашылыққа, салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа, наным-сенімге, баспанаға, киім-кешекке, ішер асқа, туыстық қатынасқа, ел билеу ерекшелігіне, заң тәртібіне байланысты қолданылатын, қытай халқының тұрмыстық және тілдік өзіндік ерекшелігін көрсететін арнаулы атаулар мен сөз тіркестері. Мысалы, көктем мерекесі мен онда қолданылатын сөздерді алайық. Қытай халқының ең маңызды мерекесінің бірі “春节” – “көктем мерекесі”. Бұл мереке кезінде “团聚”- “отбасымен бас қосу”, “守岁” – “түнді күзету”, “吃饺子”- “тұшпара жеу”, “放鞭炮” – “тарсылдақтар ату”, “拜年” – “айтпау, қыдыру”, “贴春联” – “тілек тақтайшаларын жабыстыру”, “贴年画” – “жана жылдық суреттерді ілу”, “吃年糕” – “күріш тоқашын жеу” деген сияқты дәстүрлер жасалады. Мұнда осы сөздерді үйрену арқылы, студенттер сөзсіз Қытайдың ең басты мерекелерінің бірі “көктем мерекесі” туралы мәліметке қанық болады.

Әр халықтың өзінің ұлттық ерекшеліктеріне сәйкес өзіне тән өзгешеліктерін білдіретін әдет-ғұрыптық лексикасы бар. Ол рухани және материалдық дүниелерді қамтиды. Солардың ішінде өзінің ғасырлар қойнауына кететін терең тарихымен, жүйелі құрылымымен, мәдениетаралық қарым - қатынас үшін маңызды танымдық құндылықтарымен ерекшеленетін сөздер тобы – туыстық атаулар мен қаратпа сөздер. Олардың жасалуы мен қолданылуы елдің дамуымен, ондағы саяси жүйенің өзгеруімен қатар жүріп отырды. Мысалы, “同志” (жолдас) сөзін алайық, оның негізгі мағынасы “әділетті, табанды адам” дегенді білдіреді. Алғашқы кезде төңкерісшіл әскерлер арасында өзара бір-бірін атайтын атау болып қолданылған. Тек коммунистерде ғана емес, өзге де партияларда қолданылды. Лин Жуюминнің “与妻书” атты шығармасында, “Қара халықтың өлімі өкінішті емес, мемлекет шаруасы дұрыс жүргізілу үшін қайраткерлер аман болса болғаны” (吾今死无余憾, 国事成不成自有同志者在) деген жолдар кездеседі. Сун Ятсен ұранында “төңкеріс әлі аяқталған жоқ, жолдастар әлі де құлшынуларың керек” (革命尚未成功, 同志还须努力) дейді (杨德峰.1999:76). Тәуелсіздіктен соң, “жолдас” сөзі тез қарқынмен жалпыланып, әрбір салаға таралып кетті. Тіпті “жолдас” деп атау достық пен дұшпандықтың белгісі болып қалыптасты.

Ашық есік реформасынан соң, өзге атау сөздердің пайда болуына және кеңінен қолдана бастауына байланысты, “жолдас” атауының қолданыс көлемі тарылады. Тындаушының жас ерекшелігін ескере отырып, есімінің алдына “үлкен” (老) не “кіші” (小) деген сөз қосылып айтады; жолдас сөзіне фамилиясы не аты қосып айтуға да болады. Осылайша сөйлесуші екі тараптың өзара таныс екенін, алайда қарым-қатынастары тым жақын емес екенін көрсетеді.

Ал “师傅” (ұстаз) негізінде шәкірттің өзіне өнер үйреткен ұстазына деген атауы, кейін келе, өнеркәсіп жұмысшылар арасында құрмет ретінде кеңінен аталатын атауға айналды. “Мәдени төңкерістен” соң бұл атаудың қолданылу аясы барған сайын кеңіп, қоғамда жалпылай қолданылатын атауға айналды, тіпті әйелдерді де осылай атай береді. Сонымен қатар оның алдына “үлкен” (老) немесе “кіші” (小) сынды сөздерді немесе сол адамның тегін қосып атауға да болады. Әдетте бұлай атау сөйлесіп тұрған екі тараптың өзара жақын байланысын көрсетеді. “先生” - мырза, “女士” - ханым, “小姐” - бойжеткен атаулары азат етуден бұрын жиі қолданыста болған (马宏基.1998:76). Алайда көбіне белгілі мөлшерде қоғамдық орны бар, мәдениетті адамдарға қарата қолданылатын. Азаттықтан соң қолданыс аясы азайып, тек шетелдік қонақтар мен ерекше партия жетекшілерін ғана атайтын болды. Бара бара тіпті тарихи архаизм болып, қолданыстан қалды.

“Мәдени төңкеріс” тұсында егер кездейсоқ “мырза” не “ханым” деп атап қалса, құлаққа түрпідей тиетін болған. “Мәдени төңкерістен” соң, әсіресе соңғы жылдары бұл атаулар қайтадан қолданысқа еніп, тіпті күнделікті тұрмыста жиі қолданылатын болды. “Мырза” тек ер адамдарға қолданылатын атау, дегенмен егер ерекше талантты зиялы әйел адамды да кейде “мырза” деп атауға болады. Мысалы, кейбір жоғары оқу орындарының әйел профессорларын “мырза” деп атайды (扬存田.1994:121). Оның алдына “үлкен” (老) сөзін қосса құрметті арттыра түседі. Алдына тегін қосып айтуға да болады, тек “кіші” (小) сөзін қосуға болмайды. Бойжеткен (小姐) мен ханым (太太) атауы әйелдерге қаратылады, бойжеткен (小姐) деп үйленбеген қыздарға қаратылады, ағылшын тіліндегі “miss” сөзінің баламасы; ханым (太太) отбасылы әйелдерге қаратылады, ағылшын тіліндегі “Mrs” сөзінің баламасы. Алайда “ханым” атауын отағасы өз жұбайын атауға да қолданады. Бұл атауларға да аталушы адамның тегін қосып айтуға болады. Егер атамақ болған әйелдің үйленген үйленбегені туралы нақты білмеген жағдайда “ханым” деп атағаннан гөрі, “бойжеткен” деп атаған дұрыс, өйткені әйелдер қашанда жас көрінгенді қалайды. Бұл атаулар ағылшын тіліндегі “Ms.” пен “lady” атауларымен сәйкес келеді. Алайда “女士” атауы осы қалпында тікелей қолданылмайды. Оның алдына тегін не болмаса қандай да бір сілтеу есімдігін қосып қолданады.

Туыстық қатынаста қыздың орнына қатысты қытай халқының өз ұстанымы болған. Мысалы ортағасырлық қытай қоғамында “重男轻女” яғни ұл баланы қыз баладан артық санау басым болған. Тіпті осы қыздан тараған ұрпақ пен оның нағашы жұрты арасында қолданылатын атаулардың өзінен-ақ қытай халқында қызды туыстықтан шеттеткенін байқауымызға болады. Мысалы, нағашы ата немесе нағашы апа атауларының референтивті формаларына “外” – “шет, бөтен, жат” деген мағынадағы иероглиф тіркесіп келсе, одан бөлек нағашы аға-інілеріне “表” – “сырт, тыс” мағынадағы сөздермен берілген (杨德峰.2012:90). Осы атаулардың вокативті формалары ғана сол алыстықты біраз жақын қылып көрсетеді, мысалы, 外公, 老爷, 外婆, 老老 – нағашы ата, апа т.б.

Жоғарыда айтылғандардан байқағанымыз, қытай тіліндегі туыстық атаулардың, қаратпа сөздердің пайда болуы біріншіден – ұлттық салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа және мәдениеттің қалыптасуына тәуелді болса, екіншіден – тілдің даму ерекшелігіне де тығыз байланысты екендігі.

Тілді мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзінде қолдану міндеттерінің бірі сабақта түрлі іс-шараларды ұйымдастыру арқылы қол жеткізіледі. Студенттер арасында қытай тілінде

пікірсайыстар, дөңгелек үстел ұйымдастыру, ойындарға, халықаралық конференцияларға қатысу т.б. Бастысы, оны оқытуда шынайы қарым-қатынас жағдайын жасау, пәнді шынайы өмірмен байланыстыра отырып оқыту. Мысалы, олардың қытай тілінде мақалалар, презентациялар дайындап, жастар арасындағы конференцияларға қатысуы болашақ мамандардың тілді игеруі үшін таптырмас құралдардың бірі. Мұнда ол нағыз мәдениетаралық қарым-қатынастық жағдайдың ортасында шыңдалады. Мәтінді немесе мақаланы жазуда студенттер ғылыми мәтіннің үлгілерімен танысып қана қоймай, оларды жазуды үйренеді. Мысалы, “аннотация” – “简介”, “түйін сөздер” – “关键词”, “өзектілік”- “现实性”, “кіріспе” – “前言” “结论”, “қорытынды” – “后记” деген сөздерді, сыпайы сөз тіркестерін “十分感谢, 万分感谢” – “Сізге өте ризамын, көп-көп рахмет”, “感谢您的关照” – “Қамқорлығыңызға мың да бір алғыс!”, “让我们言归正传吧” – “Негізгі тақырыпқа қайта оралуға рұқсат етіңіздер”, “对不起, 打断一下”- “Кешіріңіз, сөзіңізді бөле тұрайын” “意下如何”- “Сіздің ойыңыз қалай?”, “大人不记小人过, 这事还望您多多海涵” – “Білімді білімсізбен таласпайды, бұл істе сіздің кеңшілік көрсетуіңізді сұраймыз” деген сияқты тағы басқа да сөздер мен сөз тіркестерін меңгереді. Осылайша студенттер тек қытай мәдениеті мен салт-дәстүрін үйреніп қана қоймай, алған білімдерін іс жүзінде пайдаланады. Олар кейде тікелей (жеке қарым-қатынаста) кейде сырттай (БАҚ, кітаптар, ғаламтор арқылы) немесе туристік сапарлар кезінде, кәсіби бағытта (ғылыми зерттеу жұмыстарында қытай тіліндегі материалдарға жүгіну, аудару т.б.) қолданады (刘孝存.1998:134).

Қорытынды. Бұл мақалада, қытай тілі сабақтарында мәдениет пен тілді байланыстыра отырып оқытудың бірнеше қыры ғана қарастырылды. Тілді оқытуда тек жаттанды ережелерге сүйене бермей, адамдар арасында шынайы қарым-қатынас құралы ретінде қолдану қажеттілігіне баса мән беру қажет. Тілді жетік меңгеруде тек грамматика, лексиканы білумен ғана шектелмей, өзге мәдениетті түсіну арқылы үйрену дағдыларын қалыптастыру маңызды. Тіл мәдениетаралық қатынас құралы ретінде ұлттық мәдени ерекшеліктермен тығыз байланысты болғандықтан, оны шынайы жағдайларда таныстырудың түрлі әдіс-тәсілдері студенттерді қытай тілін жақсы меңгеруге ынталандырады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1) Э. Беннеvist. *Общая лингвистика.* – М.2002.- 448 с.
- 2) 罗常培. *语言与文化.*北京:2011. - 221 页
- 3) 杨德峰. *汉语与文化交际.* -北京:北京大学出版社.1999.- 271 页.
- 4) 扬存田. *中国风俗概观.*-北京大学出版社.1994年.- 348 页.
- 5) 杨德峰. *汉语与文化交际.* 商务印书馆, 2012年.-200 页
- 6) 马宏基. *称谓语.*- 新华出版社.1998.- 154 页.
- 7) 刘孝存. *姓名、属相、人生.*- 中国文联出版公司.1998年.- 232 页.